

МЕТОДЫ ФОРМИРОВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПРЕДМЕТНЫХ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ГЕОГРАФИИ В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ БАЗОВЫХ И ПРОФИЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

Кыдырбаева А.Т., магистр географии, учитель географии, г.Талдыкорган
Тайжанова А.Д., Магистрант 2 курса образовательной программы 7М01506-География
Айтмұханбет Ж., Магистрант 1 курса образовательной программы 7М01506-География
Жетысуский университет имени И.Жансугурова

E-mail: ardak_jgu@mail.ru

Мақалада болашақ география пәні мұғалімдерін педагогикалық шеберлікке үйретудің маңызды міндеттері, сондай-ақ түлектердің кәсіби қызмет міндеттерін өнімді шешу қабілетін қамтамасыз ететін географиялық мәдениеттің ерекшелігі мен жалпы географиялық білім арқылы білімгерлердің педагогикалық қызмет жағдайларында оларды қолдану тәжірибесі қарастырылған.

Ол өз кезегінде география ғылымының арнайы тілі шартты белгілі үлгілер - географиялық карталарды, картограммаларды, картодиаграммалар мен көлденең қима-сызбаларды, графиктерді білу, түсіну, оқу дағдыларын қалыптастуға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: Жалпы дағды, танымдық жорықтар, эмпирикалық және теориялық деңгейлер, педагогикалық шеберлік.

В статье рассмотрены важнейшие задачи обучения будущих учителей географии педагогическому мастерству, а также специфика географической культуры и опыт их применения в условиях педагогической деятельности обучающихся через общегеографические знания, обеспечивающие способность выпускников продуктивно решать задачи профессиональной деятельности.

В свою очередь, специальный язык географической науки позволяет формировать навыки знания, понимания, чтения условно известных образцов - географических карт, картограмм, картодиаграмм и сечений-чертежей, графиков.

Ключевые слова: Общие навыки, познавательные походы, эмпирический и теоретический уровни, педагогическое мастерство.

In the article the most important tasks of teaching future geography teachers pedagogical skills are considered, as well as the specifics of geographical culture and the experience of their application in the conditions of pedagogical activity of students through general geographical knowledge that ensures the ability of graduates to productively solve the tasks of professional activity.

In turn, the special language of geographical science allows you to form the skills of knowledge, understanding, reading of conventionally known samples - geographical maps, cartograms, cartodiagrams and sections-drawings, graphs.

Key words: General skills, cognitive hikes, empirical and theoretical levels, pedagogical skills.

Болашақ география мұғалімдерінің арнайы пәндік кәсіби құзыреттіліктері-бұл білім, іскерлік және дағдылардың біріктірілген кешендерін, сондай-ақ түлектердің кәсіби қызмет міндеттерін өнімді шешу қабілетін қамтамасыз ететін географиялық мәдениеттің ерекшелігі мен жалпы географиялық білім арқылы білімгерлердің педагогикалық қызмет жағдайларында оларды қолдану тәжірибесі.

Тиісінше, болашақ география мұғалімдерінің арнайы кәсіби құзыреттіліктерінің ерекшелігі мамандар дайындаудың жалпы бағыттарынан айырмашылығы, олардың әрқайсысының құрылымында әдістемелік құрамдас бөліктің болуымен ерекшеленеді.

Білімгерлердің кәсіби қызметтеріне негіз болатын бастапқы әдістемелік тәжірибелер «Географияны оқыту әдістемесі», «Жалпы жертану», «Физикалық география», «Экономикалық, әлеуметтік және саяси география», «Геоэкология және табиғатты пайдалану», «Өлкетану» бағытындағы пәндер топтарын өту, далалық оқу іс-тәжірибелерінде, жергілікті жерде табиғи және шаруашылық нысандарына ұйымдастырылатын танымдық жорықтарда жүргізілетін өлшеулер мен бақылаулар нәтижелерін графиктік өңдеу барысында қалыптасады.

Ол өз кезегінде география ғылымының арнайы тілі шартты белгілі үлгілер географиялық карталарды, картограммаларды, картодиаграммалар мен көлденең қима-сызба, графиктерді білу, түсіну, оқу дағдыларын қалыптастуға мүмкіндік береді.


Мұғалімнің кәсібилігі мен педагогикалық шеберлігінің ажырамас бөлігі оның кәсіби құзыреттілігі болып саналады. Болашақ география пәні мұғалімінің кәсіби құзіреттілігінің құрылымының бір-бірімен өзара байланысқан құрамдас бөліктері теориялық білім мен іс-тәжірибенің ұштасуы нәтижесінде қалыптасатын педагогикалық дағдылар арқылы анықталады.

Кәсіби дайындық үлгісі ең жалпы дағдылардан жеке дағдыларға дейін құру ұсынылады.

Жалпы дағды-бұл дәйектер мен құбылыстарды теориялық талдауға баулу қабілетімен тығыз байланысты педагогикалық ойлау және әрекет ету қабілеті. Бұл екі маңызды дағдыларды интуитивті, эмпирикалық және теориялық деңгейлерде жүре алатын нақты абстрактіге көшу үрдісі біріктінеді.

Білімді талдаудың теориялық деңгейіне жеткізу болашақ география пәні мұғалімдерін педагогикалық шеберлікке үйретудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Болашақ география мұғалімінің кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру білімгерлердің оқу-танымдық іс әрекеттерін ұйымдастыру түрлеріне қарай оқу, кәсіби-тәжірибелік, кәсіби оқу болып үш топқа бөлінеді (1-сурет).



1-сурет. Болашақ география мұғалімінің кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктерін қалыптастыруды ұйымдастыру нышандары

Болашақ география мұғалімінің педагогикалық ойлау және әрекет ету қабілеттерінің қалыптастыруда 1-2 курстарда оқытылатын Психологиялық педагогикалық пәндер тобына енетін «Психология», «Оқушылардың физиологиялық дамуы», «Педагогика», «Білім берудегі менеджмент», «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» сияқты негізгі базалық пәндерді оқытып мектепте өткізілетін үздіксіз педагогикалық оқу іс-тәжірибесінің маңызы зор.

Жоғарыда аталған пәндерден дәрістер мен тәжірибелік сабақтардан алған теориялық білім, қалыптасқан іскерліктер, дағдылар дуалдық оқыту қағидаларына сәйкес мектептерде жүргізілетін оқу іс-тәжірибелері оқушылармен қараым-қатынастың әдіс-тәсілдерін, білім алушылардың зейінін тұрақтандырып білім алуын, оқу жетістіктерінің нәтижелерін қалыптастырушы, бөлімді және тоқсандық жинақтап бағалаудың тиімді әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Оқу үрдісінде алған білім мен қалыптасқан іскерліктер мен дағдылар болашақ география пәні мұғалімінің педагогикалық ойлау дағдыларын қалыптастырады. Ол болашақ география пәні мұғалімдерін төменде көрсетілген педагогикалық дағдылардың төрт түрін қалыптасыруға мүмкіндік береді:

1. Тәрбиенің объективті үрдісінің мазмұнын нақты педагогикалық міндеттерге «аудару» қабілеті:

- жаңа білімді белсенді игеруге дайындық деңгейін анықтау үшін *жеке тұлға* мен *ұжымды* зерттеу және осы негізде топ пен жеке білімгерлердің дамуын жобалау;

- білім беру, тәрбиелік және дамытушылық міндеттер кешенін бөлу, оларды нақтылау және басым міндеттерді анықтау.

2. Логикалық аяқталған педагогикалық жүйені құру және қозғалысқа келтіру білігі:

- білім беру-тәрбие міндеттерін кешенді жоспарлау; білім беру үрдісінің мазмұнын негізді іріктеу;

- оны ұйымдастырудың нысандарын, әдістері мен құралдарын оңтайлы таңдау.

3. Тәрбиенің құрамдас бөліктері мен факторлары арасындағы өзара байланысты бөліп көрсету және орнату, оларды іске қосу білігі:

- қажетті жағдайлар жасау (материалдық, моральдық-психологиялық, ұйымдастырушылық, гигиеналық және т.б.);

- оқушының жеке басын жандандыру, оны объектіден тәрбие субъектісіне айналдыратын оның қызметін дамыту; бірлескен қызметті ұйымдастыру және дамыту; мектептің қоршаған ортамен байланысын қамтамасыз ету, сыртқы бағдарламаланбайтын әсерлерді реттеу.

4. Педагогикалық қызмет нәтижелерін есепке алу және бағалау білігі: білім беру үрдісі мен мұғалім қызметінің нәтижелерін өзіндік талдау және талдау; басым және бағынышты педагогикалық міндеттердің жаңа кешенін анықтау.

1-4 курстарда оқытылатын географияның *базалық және бейіндік пәндер модульдарын* оқыту нәтижесінде білімгерлердің болашақ педагогикалық қызметіне негіз болатын *дүниежүзінің заманауи бейнесінің құндылықтарын сіңіруге, географиялық ойлау және тұлғаның географиялық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім негіздерін* меңгереіп, арнайы пәндік және пәнаралық құзіреттіліктері қалыптасады.

Болашақ география мұғалімінің кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруда базалық және бейіндік пәндерді өту барысында білімгерлердің географиялық ойлау, сөйлеу мәдениеттерін дамытатын дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда өзекті жаңдайлар тудыру, университеттің материалдық-техникалық базасының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы өз беттерімен білім алуын, сипаттау, бақылау, талдау, жинақтау, бағалау, болжау және үлгілеу дағдыларын қалыптастыруға баса назар аудару қажет.

Дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда Б. Блумның таным деңгейлерінің таксономиясының алты деңгейіне сәйкес білімгерлердің оқу әрекеттерін тиімді ұйымдастыру 6B01509-География, 6B01510-География-Тарих мамандығында модульдік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес «Жер туралы ғылымдар» модулінде 1-2 курстарда оқытылатын «*Жалпы жертану*», «*Геоогоия және геоморфология негіздері*», «*Жалпы гидрология*», «*Метеорология және климатология негіздері*» пәндерін өту барысында табиғатта жүретін үрдістер мен құбылыстардың, жер бедерінің тау жыныстары мен минералдардың тзілу, табиғаттағы тепе-теңдіктің сақталу заңдылықтары туралы білім негіздерін меңгереді.

Дуалдық оқыту қағидаларына сәйкес заманауи сандық метеорологиялық, гидрологиялық приборларды пайдаланып, жергілікті жерде ауа райына, су нысандарына тұрақты бақылау жүргізу, алынған сандық мәліметтерді талдау негізінде ауа температурасының, атмосфералық қысымның, салыстырмалы ылғалдылықтың, желдің жылдамдығының графикін, жауын-шашынның диаграммасын, жел өрнегін құру білімгерлердің географиялық ойлау және зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

Нәтижесінде табиғаттың құрамдас бөліктері атмосфера, гидросфера, литосфера және биосфераның өзара байланысы, олардың арасындағы зат пен энергия айналымын өз

беттерімен зерделеу, талдау жинақта, бағалау дағдылары қалыптасады. Ол өз кезегінде болашақ география пәні мұғалімдерінің *географиялық мәдениет саласындағы* құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өзгермелі ақпараттық қоғамның талаптары мен қашықтықтан оқыту технологиясының оқу үрдісіне енуіне байланысты табиғатта жүретін үрдістер мен құбылыстардың түзілу заңдылықтарын ашуда ерекше орын алатын шынайы уақыт жүйесінде жұмыс істейтін интербелсенді электронды білім беру ресурстарын оқу үрдісінде тиімді пайдалануға баса назар аудару қажет.

«Жанартау», «атмосфералық шеп», «муссон желі», минералдар мен тау жыныстары», қатпарлы-жақпарлы таулар» табиғаттағы үлкен және кіші су айналымдары», «циклон және антициклон» сияқты оқу бейне материалдарын дәріс барысында көрсетіп, кері байланыс орнату арқылы олардың түзілу заңдылықтарын өз беттерімен анықтату білімгерлердің арнайы географиялық құзіреттіліктерін қалыптастырады.

Табиғатта жүретін құбылыстармен үрдістерды сипаттау, талдау, жинақтау олардың түзілу заңдылықтарын өз беттерімен анықтау, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, функционалдық сауаттылықтарын дамытады.

Сандық картаға түсіру технологиялары модуліне жататын «Картография», «Топография негіздері», «Сандық карталарды құрастыру және пайдалану» пәндерін оғу барысында болашақ география пәні мұғалімдерінің мектеп географиясының «Физикалық география», «Әлеуметтік география», «Экономикалық география», «Елтану және саяси география» бөлімдерінің негізгі тақырыптарын оқыту барысында географиялық картаны білім көзі және оқыту құралы ретінде пайдалану дағдылары, картографиялық, математикалық, және ақпараттық сауаттылықтары қалыптасады.

Кез-келген тақырыптың мазмұнын ашу үшін «Google Earth Жер» (Google Жер ғаламшары) үш өлшемді үлгісін (виртуалды глобусын, google.kz/maps, yandex.kz/maps, [tourister.ru/ map](https://tourister.ru/map), meteoprog.kz/ru/wmap интербелсенді Интернет карталарын география сабақтарында білім көзі ретінде тиімді пайдалану әдістерін меңгереді.

Картографиялық бағыттағы пәндерден алған білімдерін тәжірибелік сабақтарда іс жүзінде пайдалану болашақ география пәні мұғалімдерінің графиктік сауаттылықтарын одан ары жетілдіріп физикалық география, экономикалық және әлеуметтік география, геоэкология және табиғатты пайдалану, туристік өлкетану бағытындағы пәндерден теориялық білімдерін тереңдетуге, картографиялық үлгілеу, графиктерді, диаграммаларды құру, оқу дағдылары ұалыптасады.

Картографиялық ғылымның дамуының жаңа бағыты географиялық ақпараттық жүйелер – дүниежүзіндегі нысандарын нақты жер бетіндегі болжанатын табиғи және антропогендік үрдістер мен құбылыстарды заманауи сандық технологияларды қолданып картаға және талдауға мүмкіндік береді. Болашақ география пәні мұғалімдерінің ақпараттық коммуникациялық және картографиялық құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін білімгерлердің географиялық картаны, статистикалық материалдарды, әртүрлі географиялық деректерді іздеу, түсіндіру және көрсету үшін интербелсенді сандық карталарды құру және оқу үрдісінде іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударылады.

Физикалық география модулінде «Топырақ географиясы», «Ландшафттану», «Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы» пәндерін оқыту барысында жауын-шашын мен температураның Жер бетінде таралу ерекшеліктеріне сәйкес топырақтың, өсімдіктер, жануарлар дүниесінің, аумақтық табиғат кешендерінің ендік зоналылық заңдылықтары, жекелеген материктер мен елдердің табиғат жадайлары мен табиғат ресурстары, адамның шаруашылық әрекетінен қоршаған ортаның ластануы туралы білім негіздерін меңгереді.

Аталған модульдегі пәндерді оқыту барысында білімгерлердің арнайы пәндік және пәнаралық құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін спиральдық оқыту қағидасына сәйкес жалпы жертану және Сандық картаға түсіру технологиялары модулдерін оқыту барысында алған теориялық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын ұтымды пайдаланудың танымдық маңызы зор.

Ол өз кезегінде жалпы географиялық, топрақ, өсімдік, климат, қарталарын бір-бірімен беттестіру, талдау негізінде алған теориялық білімдерін бекіту, білім алушылардың уәжі мен қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан болашақ мұғалімнің білім беру қызметін жүргізу үшін меңгеруі тиіс әрбір пән бойынша іргелі білімді іс-тәжірибемен байланыстыру, оқу іс-тәжірибе барысында жергілікті жердің топрақ, өсімдіктер, ландшафттық, геоморфологиялық қарталарын құру арқылы картографиялық, арнайы пәндік құзіреттіліктерін қалыптастыруға, жалпы жертану, геология, тоапрақтану, ландшафттану, материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, Қазақстанның физикалық географиясы пәндерінен алған білімдерін бір-бірімен байланыстыруға баса назар аудару қажет.

Білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының оқыту мақсаттарына сәйкес «физикалық география», «әлеуметтік география», «экономикалық география», елтану және саяси география бөлімдерін өту барысында шынайы уақыт жүйесінде жұмыс істейтін «Google Earth Жер» Жердің үш өлшемді үлгісін (глобусын), майкрасофт Access деректер базасын басқару жүйесімен «Жер бедері», «Дүниежүзінің өзендері», «Еуразияның жанартаулары», «Қазақстанның мемлекеттік ұлттық табиғат бақтары» т.б. тақырыптарда географиялық деректер қорын құру қажет.

Физикалық география модуліндегі негізгі пәндерді оқыту барысында «Google Earth Жер» (Google Жер ғаламшары) үш өлшемді үлгісін (виртуалды глобусты, google.kz/maps, yandex.kz/maps, tourister.ru/map, meteoprog.kz/ru/wmap интербелсенді Интернет карталарды, қолжетімді графиктік редакторлар мен Access деректер базасын басқару жүйесімен пайдалану тақырыптың мазмұнын жан-жақты ашуға, болашақ география пәні мұғалімдерінің ақпараттық коммуникациялық технологиялық, математикалық сауаттылықтарын арттыру арқылы алған білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы жертану, физикалық география модульдерін өту барысында табиғаттағы үрдістер мен құбылыстардың түзілу заңдылықтарын ашауға негіз болатын астрономиялық, метеорологиялық, климаттық, гидрологиялық және картометриялық есептер шығару дағдыларын меңгерудің маңызы зор. Ол өз кезегінде атмосфералық қысымның, ауа температурасының биіктік және ендік бойынша өзгеру, жауын-шашынның түзілу заңдылықтарын, метеорологиялық элементтер мен атмосфералық құбылыстардың арасындағы корреляциялық заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Экономикалық география модуліне жататын «Экономикалық географияның теориялық негіздері», «Дүниежүзінің экономикалық әлеуметтік және саяси географиясы», «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы», «Геоэкономика және саяси география негіздері» пәндерін оқыту барысында білімгерлердің жекелеген елдердің табиғат жаңдайларын, экономикалық әлеуетін, халқы мен еңбек қорларын, шаруашылығының салалық құрамын, жеке өңірлерінің ішкі айырмашылықтарын, дамының шаруашылық әрекетінен қоршаған ортаның сапасының көзгеруін, табиғат қорғау шараларын, сыртқы экономикалық байланыстары туралы экономикалық, геоэкономикалық және саяси географиялық білім негіздері меңгеріледі.

Болашақ география пәні мұғалімдерінің арнайы пәндік кәсіби-педагогикалық құзреттіліктерін қалыптастыруда экономикалық тақырыптық қарталармен, сандық мәліметтерді, графиктер мен диаграммаларды талдау, өнімнің өзіндік құнын, өндірісті орналастыру қағидаларын белгілі бір экономикалық ауданның мамандану дәрежесін анықтау үшін экономикалық және демографиялық есептер шығару дағдыларын дамытудың маңызы зор.

Экономикалық-географиялық есептер шығару, сандық мәліметтерді талдау негізінде графиктер, диаграммалар картограмма, картодиаграммалар құру және оларды оқу дағдыларын меңгеру кез-келген тақырыптың мазмұнын жан-жақты ашуға, берілетін білімді білімалушылардың жылдам меңгеруіне мүмкіндік береді.

Экономикалық география модуліне жататын базалық және бейіндік пәндерді оқыту барысында әр түрлі материктер мен елдердің халқының, шаруашылық салаларының

маманданған салаларына, өнімді өндіретін және тұтынатын аудандарына салыстырмалы сипаттама беру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау дағдыларын меңгерту болашақ пән мұғалімдерінің сипаттау, талдау, жинақтау, бағалау, үлгілеу сияқты ой әрекетінің тәсілдерін меңгеругеді.

Геоэкология және табиғатты пайдалану модуліне енетін «Табиғатты пайдалану және геоэкология негіздері», «Геоглоболистика және геоурбанистика», «Қазақстанның ерекше қорғауға алынған аумақтары және табиғи мұралары» пәндерін оқыту барысында мектеп географиясын экологияландыру қағидасына сәйкес геоэкологиялық білім, табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылу адамзаттың жаһандық келелі мәселелерінің туу себептері және олардың алдын алу және қалпына келтіру шаралары туралы экологиялық білім негіздері беріледі. Білімгерлердің іскерліктері мен дағдыларын дамытып арнайы кәсіби педагогикалық күшіреттіліктерін қалыптастыру үшін топпен, жұппен жұмыс істетіп іскерлік ойындар мен топтық жобалар дайындау және оларды қорғау барысында қарастырылатын өзекті мәселелерді талдау жинақтау негізінде өз ой қорытындыларын шығартуға баса назар аудару керек.

1-4 курс білімгерлерінің экологиялық зерттеулерін ұйымдастырып, қоршаған орта жағдайына мониторинг жүргізу, алынған сандық мәліметтерді талдау негізінде диаграммалар, картограмма, картодиаграммалар құру болашақ мұғалімді экологиялық күшіреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Геоэкология және табиғатты пайдалану модуліне енетін пәндерді оқыту білім мазмұны жаңартылған мектеп географиясының 7-9 сыныптарында физикалық география, 10-11 сыныптарда «Табиғат пайдалану және геоэкология негіздері», «Адамзаттың ғаламдық келелі мәселелері» бөлімдерін оқыту барысында қалыптастырылатын білім негіздерін терең меңгертуге мүмкіндік береді.

3-4 курстарда оқытылып болашақ география пәні мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық күшіреттіліктерін жинақтап қорытындылайтын дидактика модуліне жататын «Географияны оқыту әдістемесі», «Мектеп географиясындағы есептеу әдістері», «Қашықтықтан оқыту технологиялары», «Бағалаудың өлшемдік технологиялары», «Мектептегі туристік-өлкетану жұмыстары» пәндерін өту барысында білімгерлер білім мазмұны жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес сабақты қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлау, өлшемдік бағалау технологиялары бойынша қалыптастырушы бағалау өлшемдерін, дескрипторларын құру, модерациялаудың тиімді тәсілдерін меңгереді.

Қазіргі сабақты жоспарлау, білім алушылардың оқу әрекеттерін ұйымдастыру, өткізу, кері байланыс орнату, топпен, жұппен жеке жұмыстарға арналған тапсырмаларды дайындау әдістері мен технологияларын жетік меңгеріп білімгерлердің әдістемелік күшіреттіліктері қалыптасады.

2020 жылдан бастап жалпы орта білім беру жүйесінің қашықтықтан оқыту технологиясына көшуіне байланысты білімгерлерге *Bilim media*, *Dary onlint*, *onlintmektep.net*, *Online*, *nursabaq.kz*, білім беру платформаларымен; «Zoom», *Cisco Webex Meetings webex.com*, *meet.google.com* онлайн конференция сервистерімен және білім алушылардың оқу жетістіктерін онлайн бағалайтын *kazakhtest.kz*, *masrep-mecm*, *onlinetestpad.com*, *google test* бағдарламасымен бір, көп және сәйкестендіруші деңгейлік тест тапсырмаларын құру, сілтемелерін электронды почтаға енгізу, жауаптарын талдау модерациялау әдістері меңгертілуде.

Болашақ география пәні мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық қызметінде өз бетімен ғылыми және әдістемелік зерттеулер жүргізу дағдыларын қалыптастыруда *білімгерлердің оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, пәндік олимпиадаларға қатыстырудың* маңызы зор.

Ол болашақ кәсіби педагогикалық қызметінде оқушылардың географиялық, экологиялық және өлкетану зерттеулерін ұйымдастыру, мектеп географиясының «географиялық зерттеу әдістері» бөлімінде зерттеу нәтижелерін ұсыну әдістерін меңгертуге мүмкіндік береді.

Болашақ география мұғалімінің зерттеу дағдылары арнайы әдебиеттермен жұмыс, зертханалық жұмыстарды, пән бойынша жобаларды, сондай-ақ далалық және педагогикалық іс-тәжірибе кезеңіндегі ғылыми зерттеулердің элементтерін орындауға көмектеседі.

Магистранттар мен қабілетті бакалаврлардың географиялық олимпиадаларға, байқауларға, көрмелерге; ғылыми экспедицияларға, ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу; ғылыми жарияланымдар дайындау; зертханаларда, үйірмелерде, студенттік ғылыми орталықтарда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Оқу және кәсіби іс-тәжірибе жұмыстары модулі 1-4 курстарда алған теориялық және эмпирикалық білімдерін іс жүзінде пайдалануға, географияны оқыту әдістері мен технологияларын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау әдістерін, сабақ барысында білімалушылардың оқу жұмыстарын ұйымдастыру нышандарын, теориялық білімді меңгеруінің тиімді тәсілдерін меңгертеді.

2 курста екі апталық үздіксіз 3 курста 4 апталық, 4 курстағы 10 апталық педагогикалық іс тәжірибелер болашақ география мұғалімінің кәсіби-педагогикалық күзінеттіліктерін қалыптастырып, пән мұналімі ретінде педагогикалық қызметке дайындығын қамтамасыз етіп, өз бетімен білімдерін үздіксіз арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды.Болашақ география мұғалімдерін даярлауда оқытудың когнитивті тәсілін жүзеге асыру әрбір оқушының пәндер бойынша ақпаратты түсінуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді. Ол сыни тұрғыдан ойлауды, объективті ойлауды, бейнелі ойлауды, таңбалық және символдық ойлауды қалыптастыруға бағытталған.

Дәрістер мен практикалық сабақтарда оқу ақпаратын қабылдау және өңдеу үшін қажетті дағдылар топтары пысықталады. Оқытудағы танымдық тәсіл оқушылардың ақыл-ой әрекетін дамытуды көздейді.

Жасалған зерттеулер когнитивтік тәсіл принциптерін жүзеге асыру арқылы оқу процесін ұтымды ету мәселесін шешуге бағытталған. Қазіргі уақыттағы мектеп оқушыларын оқытудың барлық деңгейіне дайындауға, оларға академиялық ұтқырлық пен практикалық дағдыларды беруге жаңа талаптар қояды.

Теориялық талдау саралап оқыту мәселесі көптеген отандық және шетелдік педагогтардың, психологтардың, әр түрлі тарихи кезеңдердегі әдіскерлердің еңбектерінде ой толғау және практикалық дамыту пәні болғанын көрсетті, бұл оның қиылысатын, іргелі сипатын атап көрсетеді.

Танымдық тәсіл» ұғымының психологиялық-педагогикалық мәніне талдау жасалып, негізгі пәндердің мазмұнын меңгеру үшін маңызды болып табылатын оқу іс-әрекетінің негізгі когнитивтік тәсілді оқыту сипаттамалары айқындалып, жүйеленді.

Жалпы алғанда, зерттеу географияны оқыту үдерісінде оқу іс-әрекетінің тиімділік факторларын зерделеу үшін оқытудағы когнитивтік тәсілді қолдану теориялық тұрғыдан және практикалық-бағдарланған нақты міндеттерді шешуде нәтижелі болғанын көрсетті. географиялық білім сапасы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Каропа, Г. Н. Когнитивная наука и методика обучения географии: становление когнитивной географии/ Г.Н.Каропа// Непрерывное географическое образование: новые технологии в системе высшей и средней школы: материалы IV Междунар.науч.-практ.конф., г.Гомель, 25–26 апр.2013г./редкол.: Г.Н.Каропа(гл.ред.) [идр.].–Гомель :ГГУим.Ф. Скорины, 2013.–С.325–329.
2. Чуприкова, Н. И. Психология умственного развития. Принцип дифференциации /Н.И.Чуприкова.–М.: СТОЛЕТИЕ,1997.–480с.19.
3. Балашов, Ю.В. Когнитивно-визуальный подход к обучению математике как эффективное средство математического развития учащихся / Ю. В. Балашов. — Текст : непосредственный // Педагогическое мастерство: материалы V Междунар. науч. конф. (г. Москва, ноябрь 2014 г.). — М : Буки-Веди, 2014. — С. 62-65. — URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/144/6562/>.
4. Александров, И.О. Сходство структурзнания у взаимодействующих индивидов /И.О.Александров, Н.Е.Максимова// VМежд.конф.по когнитивной науке: тезисы докладов, Калининград,18–24 июня 2012г.–Калининград:МАКИ,2012.–Т.1.–С.198–199

5. Величковский, Б. М. Когнитивная наука. Основы психологии: в 2 т. /Б.М.Величковский.—М.:Академия,2006.—Т.2.—432с.
6. Крепкая Т.Н. Компетентностный подход к проектированию целей и результатов профессионального образования // Реализация компетентно-стного подхода в системе высш. проф. образования: сб. докл. Всерос. науч.-практ. конф., 27–28 ап-реля 2012 г., С.-Петерб. гос. политехн. ун-т / под ред. М.А. Акоповой, Н.И. Алмазовой. СПб., 2012. С. 114–118
7. Липатникова И.Г., Паршина Т.Ю. Формирование когнитивной компетентности в процессе обучения студентов педагогических вузов элементарной математике // Современные проблемы науки и образования. – 2012. – № 1.
8. Typical Day of A UCLA Medical Student // Prospective doctor. [Electronic resource]. — Mode of access: <http://prospectivedoctor.com/articles/item/290-typical-day-of-a-uclamedical-student>. — Date of access: 17.11.2018
9. Сегеда, Т.А. Актуальные вопросы формирования критериальной базы оценивания уровня достижений обучающихся в контексте реализации НРК ГОСа Свердловской области [Текст] /Т.А. Сегеда // Роль педагогического сообщества в становлении социальной компетентности. Сб. матер. XIII пед.чтений. – Екатеринбург: ИМЦ Кировского района, 2007. – С. 196-202.
10. Nobel Prize of Decoding Brain's Sense of Place //Nature.—2014.—Vol.514.[Электронныйресурс].—Режим доступа: <http://www.nature.com/news/nobel-prize-for-decoding-brain-s-sense-of-place-1.16093>.
11. Токпанов Е.А., Мазбаев О.Б., Увалиев Т.О., Асубаев Б.К. Методика преподавание географии.-Алматы: Еверо, 2015.-412с.
12. Идиатулин В.С. Когнитивная технология обучения студентов. – Ижевск: Шеп, 2002. – 180 с.

УДК 611.08

<https://doi.org/10.53355/i6744-6388-0530-h>

ХАРАКТЕРИСТИКА ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ И ТОКСИКОЛОГИЧЕСКОЙ ОПАСНОСТИ МЕДИЦИНСКИХ ОТХОДОВ И СПОСОБЫ ИХ ОБРАБОТКИ

Маманова С.А. магистрат, Акмуллаева А.С. к.б.н, Нұрғазиева А.Е. магистр

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган

E-mail: Msalta81@mail.ru, nurgaziyeva001@mail.ru

В этой статье медицинские отходы могут нести в своём составе все 3 фактора опасности: инфекционный, химический и радиационный. В отходах лечебно-профилактических учреждений большой процент составляют полимерные материалы, которые десятилетиями не разлагаются на полигонах и становятся токсичными при неправильном сжигании.

Ключевые слова: характеристика эпидемиологической, токсикологической опасности, медицинских отходов, обработки.

Бұл мақалада медициналық қалдықтар барлық 3 қауіп факторын қамтуы мүмкін: инфекциялық, химиялық және радиациялық. Медициналық мекемелердің қалдықтарында полимерлік материалдар үлкен пайызды құрайды, олар полигондарда ондаған жылдар бойы ыдырамайды және дұрыс емес жану кезінде улы болады.

Тірек сөздер: эпидемиологиялық, токсикологиялық қауіптіліктің, медициналық қалдықтардың, өңдеудің сипаттамасы.

In this article, medical waste can carry all 3 hazard factors in its composition: infectious, chemical and radiation. In the waste of medical and preventive institutions, a large percentage